

Бекітемін
Ж.Т.Жанайдаров
2023 жыл "31" тамыз



Тәрбие жұмысының жоспары

Педагог: Қаржаубаева Маржангуль Олжаевна

Тобы/сыныбы 10 "А"

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі, жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;
- Өзі отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершіліктанытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;

- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
--	------------------	----------------	------------	------------------

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	1 қыркүйек – білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн-акциясы #Bilim_qunіxэштегі	Облыстық білім бөлімі Қалалық білім бөлімі	01.09.23
2	5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлы- ның туған күніне орай «Ұлттың ұлы ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	04.09
3	«Отбасыдағы ортақ тіл»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	11.09

4	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	18.09
5	«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг»	Сынып сағатының жоспары	Мектеп психологі	25.09

Сыныптан тыс іс- шара

1	«Отбасылық дәстүрлер»	Отбасы күніне арналған видеороликтер	Сынып жетекшісі	қыркүйек
---	-----------------------	--------------------------------------	-----------------	----------

Ата-анамен жұмыс

1	«Адалдық –атадан қалған мұра»	Инстаграмм парақшасы	«Ата-аналар»мектебі	қыркүйек
---	-------------------------------	----------------------	---------------------	----------

ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	5 қазан – Мұғалімдер күніне орай «Ұстаз-ұлы есім»	Сынып сағатының жоспары видеоролик	Қалалық білім бөлімі	02.10
2	<i>Бала құқығы</i>	«Білімге ұмтылу, Еңбексүй-гіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Қалалық білім бөлімі	09.10
3	«Республикам- байтақ өлкем» 25 қазан Республика күні	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	16.10
4	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	23.10
Сыныптан тыс іс-шара				
1	Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау	Кітапханашымен кездесу	Кітапханашымен жұмыс	қазан
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Әкем айтқан нағыз сөз»	Инстаграмм парақшасы	«Әкелер» мектебі	қазан

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталунысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	06.11
2	«Менің бизнес идеяларым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)15қараша-Ұлттық валюта күні	Сынып сағатыны жоспары	Сынып жетекшісі	13.11
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған студенттердің, ұстаздардың қатысуымен «Адал ұрпақ» клубтарының отырыстарын өткізу («Еңбегі адал жас өрен»жобасы)	Сынып сағатының жоспары Жоба	Сынып жетекшісі	20.11
4	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру(«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	27.11
5	«Табысты тұлға» («Еңбегі ерен жас өрен» жобасы)	Сынып сағатының Жоспары	Сынып жетекшісі	27.11
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Ұрпақ болашағы ұстаздан»	Суреттер	Ардагер ұстаздар	қараша
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Үнемі оқитын адам-табысты адам»	Суреттер	Сынып жетекшісі	қараша

ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	04. 12
2	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» Тәуелсіздіктің 32 жылдығы	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Сынып жетекшісі	11.12
3	«Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» («Тогыз айға тоғыз шара» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	18.12/ 25.12
4	«Шындық – еңжаксы саясат!»	Сынып сағатының жоспары, хаттама	Психолог	25.12
СЫНЫПТАН ТЫС-ІС ШАРА				
1	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын»	Сыныптың инстаграмм парақшасы		желтоқсан
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Еңбегі адал жас өрен»	инстаграмм парақшасы	Ата-аналар мектебінің мүшелері	желтоқсан

ҚАҢТАР—«ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Қарғалы тұрғын алабындағы № 6 модельдік кітапхана	08.01.24ж
2	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Мәдениет қызметкерлері	15.01.24
3	«Қыз намысы – ұлт намысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары Психологпен кездесу	Мектеп психологі Аналар мектебінің мүшесі	22.01.24
4	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	Сынып сағатының жоспары	Құқық қорғау қызметкерлері,	29.01.24
СЫНЫПТАН ТЫС-ІС ШАРА				
1	«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»	Сыныптың инстаграмм парақшасы	Сынып жетекшісі	қаңтар
2	«Отбасылық таланттар»	Сыныптың инстаграмм парақшасы	Ата-ана комитеті	қаңтар
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Ата-ана өмірінің жобасы-бақытты адам»	Суреттер	Ата-аналар комитеті	қаңтар

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Мақал- сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері	05.02.24
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Суреттер	Өлкетану мұражайы	12.02.24
3	Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті	Сынып сағатының жоспары	Медбике	19.02.24
4	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	26.02.24
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары»	Кітапханашымен кездесу	Кітапханашы	ақпан
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Отбасыдағы ортақ тіл»	Ата-аналар комитеті		ақпан

НАУРЫЗ –ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1.	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	04.03.24
2.	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Аналар мектебінің мүшесі	11.03.24
3	Наурыз құтты болсын!	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	18.03.24
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Мың алғыс» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Суреттер	Облыстық кітапхана	наурыз
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Экологиялық калейдоскоп»		Ата-аналар мектебінің мүшелері	наурыз

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Достық–көмекпен мықты» («Еңбегі адал жа сөрел» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Еріктілер клубы	01.04.24
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Аналар мектебінің мүшесі	08.04.24
3.	«Ұлттық киім–ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Аналар мектебінің мүшесі	15.04.24
4.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	22.04.24
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Табиғат тамашалары» (Еңбегі адал жас өрен)	Іс-шара жоспары	Еріктілер клубы	Сәуір 29.04.24
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Менің әкем-жақсы адам» (Ата-аналар мектебі) жобасы	Суреттер, видео	«Әкелер» мектебі	сәуір

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1.	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Облыстық өлкетану мұражайы	06.05.24
2.	«Ұлттардостастығы» («Балалар кітапханасы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	13.05.24
3	Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу лкүні	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшісі	20.05.24
СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА				
1	«Сөз қадірі-өз қадірің» («Жеткіншектің Жеті жарғысы»жобасы)	Іс-шара жоспары	Сынып жетекшісі	мамыр
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС				
1	«Халықаралық отбасы күні»Денсаулық FEST (Ұлттық мектеп лигасы)	Видео, суреттер	Ата-аналар қоғамының мүшелері	мамыр

ЕСКЕРТУ**

Төменде қосымша сынып сағаттарының тақырыптары берілген, жоспарға тақырыптарды өздеріңіз тандап, өзгертуге болады. 34 сағатты шығарып аласыздар.

Бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органдарды да төменде үлгілері берілді, өздеріңіз тақырыпқа сай таңдайсыздар. Әр айдың жоғары жағында атаулы даталар берілген, соларды да жас ерекшеліктеріне қарай қосасыздар.

Жоспардың астында әр айда сыныптан тыс-іс шаралар және ата-аналармен жұмыстар берілген. Сыныптан тыс іс-шараны айына бір немесе екі рет, ал ата-аналармен жұмыс әр айда бір рет өткізілуі тиіс.

Сынып сағаттары

- «Ар-ұят және адамгершілік»
- «Мейірімділік құндылығы»
- «Күнделікте өмірдегі адалдық»
- «Отаншылдық және оның мәні»
- «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»
- «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»
- «Біздің қоғамдағы әділеттілік»
- «Іс-әректтегі мейірімділік»
- «Этикалық құндылықтарды дамыту»
- «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз»
- «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері»
- «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау»
- «Қоғамдық игілікке қызмет ету»
- «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»
- «Құқықтық мәдениет және оның маңызы»
- «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық»

Бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органдар

Ақтөбе облысы білім басқарма

Ақтөбе қаласының білім бөлімі
Мектеп инспекторы
Мәдениет қызметкерлері
Облыстық аналар мектебі
Ата-аналар мектебінің мүшелері,
Құқық қорғау қызметкерлері,
Мектеп психологы
Еріктілер клубы
Өлкетану мұражайы
Тарихи ескерткіштер. Мәдени-демалыс орындары т.с.с....